



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

РЕАЛИЙЛАРДЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Құспанғалиева Нұрлы Азаматқызы

nurlykuspangalieva@gmail.com

5B020700 – «Аударма ісі» мамандығының 3-нші курс студенті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қызырова А.М

Реалийлар лингвистикалық құбылыс ретінде баламасыз лексика категориясына жатады. Олар фондық білімнің бөлігі болып табылады және тіл мен мәдениет әрекеттесуін зерттеу кезінде ерекше қызығушылыққа ие болады. «Мамандар тіл мен осы тілді оқитын тіршілігімен әрекеттесуін тікелей көрсететін тілдің әлеуметтік жағына ерекше назар аударады» [1, б. 4].

Бір тілдің кез келген лексикалық бірлігінің екінші тілдің сөздік қорында сәйкестіктердің болмаған жағдайда эквивалентсіз лексика туралы сөйлеу жөн. Бұл терминді Е. М. Верещагин және В. Г. Костомаров енгізді. Олар баламасыз лексика деп, «басқа мәдениет пен басқа тілде жоқ түсініктерді/ұғымдарды білдіретін сөздерді, жеке мәдени элементтерге, яғни мәдениетке ғана тән мәдени элементтерге жататын сөздерді атайды. А және мәдениетте жоқ В, сонымен қатар, басқа тілге аударылмайтын сөздер, қысқаша айтқанда, тілден шетте баламалары жоқ» [3, б. 53]. Баламасыз сөздердің ерекшелігі олардың басқа тілдерге тұрақты сәйкестік арқылы аударылмауы, олардың басқа тілдің қайсыбір сөздермен қатысы болып табылады. Бірақ оларды мүлдем аударылмайды деп санау дұрыс емес [3, б. 61]. Түпнұсқада берілген заттарды, олармен байланысты бейнедерді (кейіптерді дұрыс бері мүмкіндігі аударылатын шығармада бейнеленген ақиқаттық біліктілікті ұйғарады). Елтану, салғастырмалы тіл білімі және аударма теориясындағы білімдер «фондық» (аялық) білімдер деп саналады. Фондық білімдер – ол «басқа ел, басқа халық өмірінің бейнесінде нақты аясын құрастыратын ұғымдардың жиынтығы» [4, б. 146]. Е. М. Верещагин және В. Г. Костомаров оларды білімнің коммуникативтік актінің қатысушыларын ортақ деп анықтайды [3, б. 126]. «Реалия» сөзі – іспеттес, ұқсас лексикалық категорияларының әсерінен зат есімге айналған латын тілінің көпше түрде қолданылған (realis – е; көпше түрі – realia – «заттық», «анық», «нағыз») сын есімі. О. С. Ахманованың айтуына қарағанда, реалийлар материалды мәдениетке жататын заттар да болып табылады. Реалия сөздерін реалия заттардан заттарайыра білу қажет. «Реалия» термині реалия сөзі мағынасында реалия затының белгісі ретінде және берілген тілдің лексикалық элементі есебінде аудармашылық әдебиетте кең тарады [8, б.16]. Біздің ойымызша, реалийларға ең толық анықтаманы болгар ғалымдары С. Влахов пен С. Флорин береді: «Реалийлар – бұл бір халықтың өміріне(тұрмысы, мәдениеті, әлеуметтік және тарихи дамуы) тән заттарды атайтын сөздер (және сөз тіркестері), олар ұлттық және/немесе тарихи ерекшеліктерінің көрінісі бола тұра, олардың басқа тілдерде нақты сәйкестіктері (баламалары) жоқ. Демек, жалпы ережелерге сүйеніп аударылмай, ерекше аудару әдістерін талап етеді» [8, б. 55]. Бұл анықтама ғалымдармен сөздер-реалийларды аудару тұрғысынан берілгендіктен, біз үшін ерекше маңызды болып табылады.

Қазақ тіл білімінде аудармаға байланысты реалия сөздерді тақырыптық топтарға бөліп қараған зерттеуші – Р. Сәрсенбаев. Ол реалия сөздерді төрт тақырыптық топтарға бөліп қарайды да, әр топтың аудару үдерісіндегі ерекшелігіне назар аударыа отырады. Сонымен, Р. Сәрсенбаевтың ұсынған реалийлардың классификациясы осындай:

1. Кейбір табиғатқа байланысты сөздер мен этнографиялық сөздер;
2. Фольклорлық реалия сөздер;
3. Тұрмыстық реалия сөздер;

4. Қоғамдық және тарихи реалияны білдіретін сөздер.

Бұлардың біріншісінде айран, сексеуіл, жұт, тайға, бәйге т.б. атаулары, әдет-ғұрыптық атаулар, тайпа, ру аттары жатады. Бұлар көбінесе аналогы жоқ сөздер болғандықтан басқа тілде ешбір өзгеріссіз беріліп отырады.

Екінші тақырыптық топқа әзірейіл, қорған, жын, сүре, жырау, айтыс, т.с.с. сөздер жатады. Бұған музыка аспаптарын да қосуға болады (домбыра, сыбызғы, сазсырнай, қобыз). Бұлардың бәрін бірдей демесек те кейбірін басқа тілдегі мағынасы жуық сөздермен алмастырып қолдануға да болады. Мысалы: черт – шайтан, дию – дьявол т.б. көбінің аударылмауы да мүмкін, өйткені бұлардың ұлттық бояуы, сонылығы сәйкес келмеуі мүмкін.

Үшінші тақырыптық топқа баспана атаулары (сакля, шаңырақ, изба), жиһаз атаулары (сандық, кровать), ыдыс-аяқ атаулары (саба, қоржын, торсық, күбі), киім-кешек атаулары (шапан, сарафан, тымақ), еңбек құралдарының атаулары (кетпен, құрық, қамшы), тамақ атаулары (қымыз, қуырдақ, щи, борщ, палау, шницель), өлшемдік атаулар (сажень, миль, фунт, доллар, сүйем, елі т.б.) жатады [56, б. 43-55].

Осымен қатар, қазақ тілінде реалийлардың төмендегідей типтері ажыратылады:

- 1.Қоғамдық-тарихи реалия сөздері (бай, мырза, атқамінер, аға сұлтан, жатақ және т.б.);
- 2.Халықтың салт-дәстүрлерімен байланысты реалия сөздері (той, көрімдік, байғазы, ерулік, араша);
- 3.Ұлттық ойындарды белгілейтін реалия сөздері (бәйге, көкпар, серке-тарту, қыз-қуу, тоғыз құмалақ, алтыбақан);
- 4.Мал шаруашылығымен байланысты реалий сөздері (көктеу, күзеу, жайлау, жұт);
- 5.Діни нанымдармен байланысты реалия сөздері (құран, шарифат, молда, хазірет);
- 6.Ру мен тайпа атауларымен байланысты реалия сөздері (керей, арған, уақ, сыбан, тобықты, адай, найман, жағабайлы);
- 7.Туыстық қатынастарды белгілейтін реалия сөздері (тоқал, бәйбіше, абысын, жеңге, қайын іні);
- 8.Фольклорлық ұғымдарды білдіретін реалия сөздері (жыр, айтыс);
- 9.Тұрмыс заттарының атауларымен байланысты реалия сөздері (текемет, қоржын, алаша т.б.);
- 10.Ұлттық мінез ерекшеліктерін білдіретін реалия сөздері (ақ пейіл, бейпыл ауыз және т.б.) [57, 117].

1.Тұрмыстық реалийларды атайтын лексика:

- а) баспана, мүлік (cot, cabin, homestead, palace және т.б.) [59];
- ә) киім (baseball cap, jeans, kilt және т.б.) [60], [61];
- б) азық-түлік, ішімдіктер (rum, beer, hot dogs, hamburger, succotash, chowder, baked beans, lollipop, Coca-Cola, also Coke) [60], [61], [62];
- в) еңбек пен қызмет/кәсіп түрлері (lumberjack, cowboy, dolly, ranch) [64];
- г) ақша бірліктері, өлшем бірліктері (dollar, cent, dime, quarter, florin, guinea – 21 шиллингке тең алтын тиын, buck, nickel; inch, foot, pound, bushel, quart, yard) [60, 61, 62, 64];
- д) музыкалық аспаптар, халық билері мен әндері, орындаушылар (Sharin Anderson, AC/DC, bagpipes- a musical instrument played especially in Scotland, disc jockey – DJ, pop music) [10], [63];

е) халықтық мейрамдар мен ойындар (The Eisteddfod, The May Day, The Silver Jubilee, Thanksgiving Day, Halloween) [64, б. 22];

ж) қарапта сөздер (honey, sweetheart, madam, mister, sir) [60].

2.Этнографиялық және мифологиялық реалийларды атайтын лексика:

- а) этникалық және қоғамдық қауымдастықтар және олардың өкілдері (Apache, hawks, doves, Japs, Cockney, Michigander, Bay Stater) [64, б. 26];
- ә) Құдайлар, ертегі кейіпкерлері, аты аңызға айналған жерлер (abominable snowman, Goody Hallet) [59], [64];

3.Әлем мен табиғат реалийларын атайтын лексика:

- а) жануарлар (bald eagle, Canadian goose, grizzly bear, mocking bird, coyote, American

jackal) [61], [64];

ә) өсімдіктер (butternut, California redwood, daffodil, thistle, sequoia, honey dew-melon) [63], [64];

б) реңжер, табиғат көрінісі (canyon, tornado, blizzard) [64].

4.Мемлекеттік-әдістемелік құрылым мен қоғамдық өмір реалийларын атайтын лексика:

а) әдістемелік бірліктер мен мемлекеттік институттар (county, state, city) [64];

ә) қоғамдық ұйымдар, партиялар, т.б., олардың қызметтері мен қатысушылары (“Act-up” – «Экт-ап» ұйымы, ЖҚТҚ ауыруына шалдығып қалған адамдардың тең құқықтары үшін күресетін 1980 жылдарында АҚШ-та пайда болған болған ұйым) [59];

б) өнеркәсіптік және аграрлық мекемелер, сауда мекемелері (“Abraham and Strauss” – «Абрахам энд Страусс», Нью-Йорк қаласының Бруклин ауданындағы әмбебап дүкен, Maicy’s, Walmart, Best-buy – АҚШ-тағы әмбебап дүкендер қатары) [60], [61] ;

в) қазіргі әскери және полицейлік бөлімшелер мен лауазымдар (wing, platoon, rifle battalion, signal battalion) [64];

г) азаматтық қызметтер мен мансаптар, лауазымдар мен шендер (bachelor, mister, Sir, Doctor, General) [10], [64].

5.Ономастикалық реалийларды атайтын лексика:

а) антропонимдер (“Acheson Dean” – Ачесон Дин – заңгер, қоғамдық қайраткер, Charley Chaplin, Elizabeth II) [10];

ә) топонимдер (“Acadia” – «Акадия» - Жаңа Шотландия мен Канаданың басқа да аймақтарында 18 ғасырға дейін болған француз колониясының аты, “Adinordack Country” – «Адинордак таулар елі»(Нью-Йорк штатының солтүстік-шығыс бөлігі, New York, Alaska, California) [64];

б) әдеби кейіпкерлердің аттары (Macbeth, Wolf Larsen, Desdemona, Hamlet, Irene, Charley Furaseth) [62], [64];

в) бірлестік немесе серіктестіктердің, мұражайлардың, театрлардың, дүкендердің, жағажайлардың, аэропорттардың атаулары, т.б. (Red, JFK, Shakespeare’s Globe Theatre, Briton Beach, Natural History Museum) [10], [64]

6.Ассоциативтік реалийларды көрсететін лексика:

а) вегетативті бейнелеме (мыс: мадронья – Мадридтің поэтикалық бейнесі);

ә) анималистік бейнелеме (мыс: кабура – қауырсыны ғажайып күшке ие жытқыш құс);

б) түстер бейнелемесі (мыс: сары – азаның түсі(Испания, орта ғасырлар), жасью – үміт түсі(Панама, Чили));

в) фольклорлық (ауыз әдебиеті), тарихи және әдеби-кітаби аллюзиялар. Олар тарихи және әдеби кейіпкерлердің тұрмыс қалпына, мінез-құлқына, мінезіне, әрекеттеріне, т.б., тарихи оқиғаларға, аңыздарға, әңгімелерге сілтемелерді қамтиды.

г) тілдік аллюзиялар. Олар әдетте кез келген фразеологизмдерге, мақал-мәтелдерге, қанатты сөздерге сілтемелерді қамтиды.

Зерттеушілер ұлттық-таңбаланған тілдік бірлікті жеткізудің қандай да әдісін енгізіп, екіншісін ескермей, сөздер-реалийларды аударудың түрлі әдістерін ұсынады. Аударудың ең көп тараған әдістері транскрипция, транслитерация, калькілеу, сипаттамалы (түсіндірмелі) аударма, болжалды (приближенный) аударма және трансформациялық аударма түрлері болып табылады.

1.Транслитерация кезінде аударылатын тілдің құралдары арқылы бастапқы тіл сөзінің графикалық түрі, ал транскрипция кезінде оның дыбыстық түрі беріледі. Осы әдістің екеуі шетел жалқы есімдерін, географиялық атауларды, түрлі компаниялардың, фирмалардың, кемелердің, газет-журналдардың, т.б. аттарын аудару кезінде қолданылады (мыс: Бэнк оф Америка, Дженорал Моторс). Қазір көркем әдебиетті аудару кезінде транскрипция және транслитерация әдістерін қолдану бұрынғы уақытпен салыстырғанда сирек кездеседі. Ол әбден түсінікті - шетел лексикалық бірлігінің дыбыстық немесе әріптік белгілеуі оның мағынасын ашпайды. Сондай сөздер шетел тілін білмейтін оқырман үшін тиісті түсініктемесіз түсініксіз болады [2, б. 9].

2. Калькілеу – шетел реалийларын олардың құрамдас бөліктерінің, яғни морфемаларын немесе сөздерін аударылатын тілдің тура лексикалық сәйкестіліктерімен ауыстыру арқылы аудару әдісі болып табылады (мыс: brain drain – утечка мозгов). Осы әдістің біріншісіндей де кемшіліктері бар [2, б. 9].

3. Түсіндірмелі (сипаттамалы) аударма. Бұл тәсіл бастапқы тілдің лексикалық бірлігінің мағынасын берілген лексикалық бірлік білдіретін құбылыстың маңызды белгілерін ашатын жайылған сөз тіркестері көмегімен ашуына негізделген (мыс: landslide – сайлауда зор басымдылықпен жеңіске жету) [2, 9]. Бұл әдістің өте қолайсыз әрі үнемсіз болып саналғандықтан, оны мәтіндерді аударуда әр кезде қолдану мүмкін емес. Аудармашылар жиі екі әдісті бірге қолданады – транскрипция немесе калькілеу және түсіндірмелі аударма (соңғысын сілтемеде немесе түсіндірмеде көрсетеді). Екі әдістің бірге қолдануы транскрипцияға тән сөйлеу құралдарының ықшамдығы мен үнемділігін және түсіндірмелі аударма арқылы жеткізілетін берілген бірліктің семантикалық ашылуын бірге пайдалануға мүмкіндік береді [2, б. 10].

4. Болжалды аударма – аударма тілінде дәл сәйкестігі жоқ, бірақ бастапқы тілдің лексикалық бірлігі үшін мағынасы ең жақын сәйкестік іздеуге негізделген. Лексикалық бірліктердің сондай жақын баламаларын «аналогтар» («ұқсас сөздер») деп атауға да болады [2, б. 10]. Мыс: know-how – өндіру құпиясы. Аударма кезінде аналогтарды қолдана отырып, кейде олардың білдіретін зат немесе құбылыс сипаты туралы бұрыс түсінік қалыптасу мүмкіндігін ескеру керек [2, б. 10].

5. Трансформациялық аударма. Кей жағдайларда аудармашыға сөйлем құрылымын өзгертуге, бастапқы сөзді толығымен өзгертетін лексикалық трансформацияларды қолдануға тура келеді. Мыс: glimpse сөзі to have, to catch a glimpse of smth. сөйлемшесінде қолданылғандықтан, аудармада етістік қолдануға, яғни сөйлемнің синтаксистік құрылымын өзгертуге мүмкіндік береді [2, б. 10].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Аксенова Г.Н. Язык, культура и бытийная картина мира//Язык и культура: библиографический аспект проблемы. – Уфа, 1990. – С. 4-5.
2. Бархударов Л.С. Язык и перевод. – М.: Международные отношения, 1995. – С. 4-5.
3. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. – М.: Русский язык, 1983. – 269 с.
4. Федоров А.В. Основы общей теории перевода. М.: Высшая школа, 1983. 303 с.
5. Шумагер Е.И. Фоновая лексика, ее своеобразие и связь с культурой//Лексика и культура. – Тверь: Тверской государственный университет, 1990. – С. 124-129
6. Ермағамбетова А. С. Мадигожина С.П. Ағылшын тілінің қазақшаға аудару жаттығулар жинағы. – Алматы, 1998. – 214 б.
7. Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе. – М.: Международные отношения, 1986. – 416 с.
8. Томахин Г.Д. Реалии в языке и культуре//ИЯШ. – 1997. – №3. – С.13-18.
9. Шадыкенов Ә.Қ. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі баламасыз лексика мәселесі. – //Хабаршы. – Әл-Фараи атындағы ҚазҰУ: Филология сериясы.
10. Tomakhin G.D. Dictionary of USA. Moscow. “Russky Yazyk Publishers”. 1999. – 574 с.
11. Oxford Guide to British and American Culture for learners of English. Editor Jonathan Crowther, Kathryn Kavanagh, Oxford University Press, 199. – 601 с.
12. Чернаев Г.В. Англо-русский лингвострановедческий словарь. – Смоленск: Полиграмма, 1996. – 1185 с.
13. Рум Р.У., Колесников Л.В., Полечник Г.А. и др. Великобритания. Лингвострановедческий словарь. – М.: Русский язык, 1978. – 480 с.
14. V.V. Oshchepkova, Phil.Dr. and A.S. Petrikovskaya, Ph.D. Dictionary of Australia and New Zealand. – Moscow, Russky Yazyk Publishers, 2001. – 214 с.
15. Томахин Г.Д. Реалии в культуре и языке. Реалия-предмет и реалия-слово. Из Архива

УДК 81'255.2:811.161.3:159.937

ЛИТЕРАТУРНАЯ РЕЦЕПЦИЯ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ПЕРЕВОДОВ В КОНТЕКСТЕ БЕЛОРУССКОЙ КОМПАРАТИВИСТИКИ

Лабоха Евгения Константиновна

Eugenia.labokha@yandex.ru

Аспирант кафедры редакционно-издательских технологий

БГТУ, Минск, Беларусь

Научный руководитель – Зылевич Д.П.

В XXI веке все громче звучат диалоги культур, развитие информационных систем облегчает доступ к художественным произведениям разных стран. В этой связи возрастает роль и значимость переводной литературы. Художественный перевод – одно из главных средств «художественной коммуникации» между народами и культурами, к тому же переводная литература способствует обогащению и развитию национальной литературы – это отмечали такие исследователи, как Д. Дюришин, Ю. Оболенская, П. Топер, Л. Синькова и др.

Литературоведы подчеркивают, что невозможно изучать отдельную литературу или отдельный литературный процесс изолированно, не учитывая межлитературного взаимодействия. Изучением такого взаимодействия занимается компаративистика, или сравнительное литературоведение, которое, согласно В. И. Мархелю, ориентируется на «выявление в творчестве писателей общего и уникального, на анализ креативного взаимодействия литератур и трансцендентных связей между отдельными произведениями» [1, с. 3]. Что касается белорусской компаративистики, то чаще всего ученые обращаются к раскрытию взаимосвязей между двумя литературами (сегодня наиболее исследованы белорусско-русские, белорусско-украинские и белорусско-польские взаимосвязи), а также к анализу литературных контактов, влияния зарубежных произведений (как отдельных, так и творчества определенного автора целиком) на литературную деятельность белорусских писателей.

Целью нашего исследования является обоснование актуальности литературной рецепции переводных художественных произведений со стороны так называемого профессионального читателя.

Категория литературной рецепции является основной в рецептивной эстетике (теории художественного восприятия), где понимается как «восприятие читателем художественного произведения» [2]. Сама же теория художественного восприятия исходит из идеи, что «произведение полностью реализует свой потенциал только в процессе встречи, контакта литературного текста с читателем» [2]. Иными словами, один и тот же текст будет реализован и интерпретирован по-разному:

- в разные исторические эпохи;
- в разных странах;
- читателями с разным эстетическим опытом.

К рецептивной эстетике также примыкает рецептивная критика, изучающая реакции читателя.

В белорусской компаративистике исследовательница И. В. Шабловская предложила следующее определение: «Рецепция (восприятие) – одна из форм литературного взаимодействия, которая выявляет характерные особенности существования национальной литературы в контексте всемирной» [3, с. 18]. В этом случае рецепция рассматривается гораздо шире.

Таким образом, можно разграничить рецепцию как категорию сравнительного